

"Жамбыл ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 37-12 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № 47-6 Шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 05 қаңтарда 6-3-133 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы № 13-11 шешімімен

Күші жойылды - Жамбыл аудандық мәслихатының 2012.12.14 № 13-11 шешімімен

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 - бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. «Жамбыл ауданы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы» Жамбыл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 37-12 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-3-126 болып тіркелген, 2011 жылдың 29 қаңтарында № 9 (4884) «Шұғыла-Радуга» газетінде жарияланған) төмендегі өзгерістер енгізілсін:

4 - тармақтағы :

«кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға» деген сөздер «тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған шығыстарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

7 - тармақтағы :

«кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу және (немесе) күрделі жөндеуге» деген сөздер «тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қалалық» деген сөз алынып тасталсын;

8 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың Аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері

жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы:*

К.Елубаев

Ә.Мәнтеев

*Жамбыл аудандық
мәслихат хатшысы:*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК